На кадрах незрячий ребенок самостоятельно открывает тяжелую металлическую дверь, выходит на лестничную площадку и спускается по ступеням с тростью. За кадром его направляет мама, объясняя, что впереди то или иное препятствие. Она же просит его не держаться за перила лестницы. Он спрашивает у нее: "А ты меня не оставишь?", на что она отвечает: "Нет, конечно, зачем мне тебя оставлять, ты мне нужен". Именно она лучше всего расскажет нам историю своего сына.

История Айсултана

"Меня зовут Гульбану. Мне 28. Моему мужу Айдосу 29 лет. Нашей семье 8 лет. У нас два сына. Старшему брату Айсултана, Нурисламу, семь лет. Мы с мужем родились и выросли в городе Жанаозене", – начала свой рассказ Гульбану.

Айсултан родился 6 сентября 2022 года раньше срока, на 34-й неделе беременности в тяжелом состоянии. Официальный диагноз – агрессивная ретинопатия недоношенных V стадии с тотальной отслойкой сетчатки. Диагноз был установлен 11 октября 2022 года. Агрессивная ретинопатия может развиться молниеносно, иногда без последовательного прохождения привычных стадий. Это крайне тяжелое состояние, при котором возможность сохранить зрение ограничена.

"Я благодарна Аллаху, а также коллективу родильного дома и врачам-неонатологам Жанаозена. В роддоме мы провели 21-22 дня. Мы были счастливы уже тому, что ребенок выжил. При выписке нам сказали, что у малыша есть "незрелость глаз". Разумом я это понимала, но сердцем – нет", – продолжает жительница Актау.

В 2020 году, когда Гульбану было 22 года, умерла ее мама. После этого горя, а затем и испытаний, связанных с сыном, она, по ее собственному признанию, научилась держать себя в руках. Но сильным человеком себя не считает.

"Я не могу сказать, что точно знаю, как правильно воспитывать детей. Но мне хочется, чтобы мои сыновья выросли людьми, которые не ломаются перед трудностями. Мне кажется, если человек научится выдерживать тяжелые испытания, он может иначе смотреть на жизнь – спокойнее, не разбрасываясь на пустое", – считает наша героиня.

"Мы никогда не относились к Айсултану как к "особенному ребенку". В семь месяцев начали его присаживать, в восемь месяцев учили ползать, в десять месяцев поставили в ходунки. Учили его пережевывать пищу. К году он уже самостоятельно ходил, ел, пил воду и молоко без бутылочки. Но из-за того, что не видел, часто передвигался, наклонив голову вниз, ощупывая пространство. Иногда даже стирал волосы на макушке", – делится мама.

По словам Гульбану, оказывается, незрячие дети многого боятся. Айсултан плакал от резких и громких звуков, хотя некоторые шумы, наоборот, вызывали у него смех. Например, его смешил шелест пакета, а звук пылесоса пугал. Сейчас он уже привык. Но тревожили маму не только реакции сына на звуки. Когда Айсултану исполнилось полтора года, она заметила, что он по-прежнему не говорит.

Благодаря помощи специалистов и ежедневной работе мамы Айсултан начал разговаривать. Гульбану с теплотой и благодарностью говорит обо всех, кто поддерживал их семью и продолжает помогать и сейчас. Это коррекционно-развивающие центры в Актау и Алматы, а также ближайшие родственники, друзья и даже незнакомые люди.

"Благодаря специалистам по реабилитации Айсултан многое умеет для своего возраста. Он понимает обращенную речь, может попросить то, что ему нужно. Сам ходит на горшок, ест, надевает и снимает обувь и выполняет многие бытовые действия. Сейчас он посещает детский сад. Мы очень благодарны воспитателям, которые вносят большой вклад в его развитие", – делится мама мальчика.

По ее словам, взрослые люди до сих пор удивляются его поступкам и рассуждениям. Иногда он говорит совсем как взрослый человек.

"К счастью, каких-то тяжелых ситуаций, связанных с отношением окружающих, у нас не было. Некоторые маленькие дети боятся того, как выглядят глаза Айсултана. Другие, наоборот, интересуются, спрашивают, почему мой сын так выглядит", – делится героиня Гульбану

"Вообще, я считаю, что людям с нарушением зрения нужно создавать больше условий. В Жанаозене, где мы жили раньше, нет специализированных детского сада и школы для незрячих детей, нет нужных специалистов. Поэтому ради будущего Айсултана мы переехали в Актау. Сейчас он ходит в специализированный детский сад №1. Ему там очень нравится. Если сказать, что сегодня он не пойдет в садик, он расстраивается. И очень любит своих воспитателей", – продолжает она.

Она признается, что, конечно, устает. В такие моменты Гульбану встречается с подругами, и общение с ними очень помогает ей восстанавливаться. Рядом с ними она начинает чувствовать себя легче и находит силы идти дальше.

"Пока мы живы, мы хотим только одного: чтобы наш сын нашел свое место в жизни, смог стать частью общества, встретил настоящих друзей и сам стал хорошим человеком. Я хочу сказать родителям особенных детей: не тратьте время на слезы. Верьте себе и своему ребенку, лечите его, но не забывайте и о развитии. Не думайте, что он еще маленький и вы все успеете. Время проходит очень быстро. Каждый родитель хочет для своего ребенка лучшего. Поэтому не теряйте надежду. Я верю, что наши дети смогут найти свое место в жизни", - уверана Гульбану.

Трехлетний малыш перенес уже три сложные операции на глаза – в Санкт-Петербурге и Дели. Врачи зарубежных клиник сказали, что шансы на восстановление зрения составляют всего 20-30 процентов.

"После тех операций прошло 2 года. Пока изменений у Айсултана нет. Когда у твоего ребенка появляется такой диагноз, начинаешь читать все подряд, искать информацию, изучать каждую возможность. Разум понимает, что болезнь очень тяжелая, а сердце все равно надеется на чудо: "Попробуй еще. А вдруг?". Поэтому я до сих пор мечтаю показать сына специалистам в Германии, США или Корее, если нас примут, и живу между пониманием и надеждой".Гульбану Ахметова

Искусственный интеллект и ...летучая мышь

Пока Гульбану продолжает искать возможности помочь сыну и надеется, что однажды технологии позволят ему увидеть мир, в Казахстане уже созданы разработки, которые помогают

людям с нарушением зрения стать более самостоятельными и жить полноценной жизнью. Этим занимается общественное объединение, основанное учеными Галымжаном Габдрешовым и Нурбеком Енсебаевым.

Они придумали биолокатор – устройство, которое помогает ориентироваться в пространстве. Он предназначен для людей с поражением зрительного нерва. Аппарат носят на шее как медальон. Он излучает импульсы, аналогичные тем, которые используют для ориентации летучие мыши, дельфины и некоторые насекомые, например, пауки.

"Устройство не возвращает человеку обычное зрение, но позволяет условно "видеть" окружающее пространство в радиусе до 15 метров. Незрячий человек чувствует расстояние до объекта, его высоту и материал объекта. Этот способ ориентирования можно сравнить с эхолокацией летучих мышей, которые способны перемещаться на большой скорости и охотиться, используя отраженные звуковые сигналы", – говорит Нурбек Енсебаев.

В отличие от человека они ориентируются не с помощью зрения, а благодаря звуку. Этот же принцип использует биолокатор: он работает за счет отраженного звука, который, преобразуясь в головном мозге человека, создает четкие образы объектов вокруг. Единственный минус – летучая мышь и, соответственно, биолокатор "не различают" цвета. Зато есть другой огромный плюс. Поскольку звук способен огибать препятствия, устройство может передавать информацию об объектах, находящихся за преградами, например, за стенами.

"Благодаря явлениям дифракции и диффузного рассеяния звуковых волн пользователи биолокатора способны распознавать объекты, скрытые за препятствиями, а также определять их форму и текстуру", – говорит Нурбек Енсебаев.

По мнению ученого, у незрячих активнее задействована та часть мозга, которая у зрячих остается менее включенной из-за постоянного зрительного потока. В качестве примера он привел американского специалиста Дэниэла Киша, потерявшего зрение из-за рака в детском возрасте.

"Дэниел научился создавать языком щелчки, похожие на эхолокационные импульсы, и благодаря этому ориентируется в пространстве, ездит на велосипеде и занимается спортом. Сегодня он обучает этому других и дает людям с нарушением зрения свободу движения и независимость. Но полноценно освоить его методику могут немногие, так как такая способность требует не только тренировок, но и особой природной предрасположенности", – проложает Нурбек Енсебаев.

Первой тестировщицей биолокатора стала параспортсменка Жазира Мулкибекова. Она ездит на велосипеде, стреляет из лука и занимается другими активностями.

Самоучитель Брайля

Также ученые-стартаперы придумали самоучитель Брайля. Устройство существует на шести языках: казахском, арабском, китайском, испанском, английском и русском. Аппараты уже внедрены в шести регионах Казахстана.

Идея разработки появилась после обращения педагогов в период пандемии коронавируса, когда школьники перешли на онлайн-обучение. Незрячим детям такой формат был практически недоступен. Так было создано новое устройство. Первыми самоучители Брайля получили ученики из Атырау.

"Из-за ограниченных возможностей у таких детей могут развиваться дополнительные проблемы: атрофия нижних конечностей, слабость ног, различные задержки развития, в том числе задержка памяти, речи и другие нарушения. И наши испытания показали, что аппарат помогает обучаться даже детям со сложными диагнозами. В протоколах испытаний тифлопедагоги отметили, что незрячие дети с сопутствующими диагнозами, включая ДЦП, аутизм, ЗПР и ЗРР, смогли научиться читать", – говорит Нурбек Енсебаев.

Для команды это стало особенно важным результатом, потому что обучение незрячего ребенка обычно требует большой индивидуальной работы. Учителю приходится вручную направлять палец на точки Брайля, возвращать его, если он соскальзывает, и многократно повторять материал. Даже в классе из пяти учеников процесс может занимать до четырех лет.

Аппарат воспринимается ребенком не как учебное устройство, а как игрушка. Он нажимает клавишу и слышит озвучку буквы. При повторном нажатии на ту же клавишу он слышит расположение точек Брайля. Поскольку в этой системе шесть точек, ребенок постепенно запоминает, какие точки соответствуют конкретной букве. Благодаря игровой форме ребенок быстро запоминает спецшрифт и затем может переходить к изучению другого алфавита,

например, английского. После освоения системы человек уже может пользоваться библиотекой для незрячих, брать учебники или книги и читать самостоятельно.

Для взрослых, особенно для тех, кто потерял зрение после 18 лет, аппарат почти безальтернативен. Таких людей уже не примут в школу, поэтому без такого устройства они, скорее всего, не смогут научиться читать Брайль.

"Самоучитель уже находится в массовом производстве. Производство организовано в Китае. Запчасти изготавливаются на разных заводах, затем аппараты собирают в Казахстане и отправляют по регионам. Проект вышел на международный уровень", – говорит Нурбек Енсебаев.

Могут ли маленькие дети использовать биолокатор

На вопрос корреспондента Zakon.kz о том, сможет ли маленький Айсултан использовать биолокатор, Нурбек Енсебаев ответил, что это вполне возможно.

"Что касается совсем маленьких детей, то это вполне возможно. Но тесты с малышами мы еще не проводили. А в целом, я думаю, что если дать им возможность, то это вполне возможно, так как четырехлетние дети уже осознанные и разговаривают. Для них, возможно, даже будет легче ориентироваться с аппаратом, так как дети такого возраста более нейропластичны, чем взрослые", - говорит Нурбек Енсебаев

Сколько в Казахстане детей с ретинопатией

На запрос редакции о том, сколько в Казахстане таких детей, как Айсултан, в Министерстве здравоохранения ответили, что ежегодно в нашей стране выявляется свыше 1 200 детей с ретинопатией недоношенных. В настоящее время более 800 детей находятся на динамическом наблюдении специалистов.

"Офтальмологический скрининг недоношенных новорожденных осуществляется в соответствии с приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 9 сентября 2010 года № 704 "Об утверждении Правил организации скрининга". При выявлении ретинопатии недоношенных лечение проводится в организациях родовспоможения и включает современные методы офтальмохирургической помощи: лазерную коагуляцию аваскулярных участков сетчатки, интравитреальное введение ингибиторов ангиогенеза и витрэктомию", – ответили в МЗ РК.

Ранняя витрэктомия (микрохирургическое удаление стекловидного тела глаза, проводимое на начальных этапах заболевания, применяется для предотвращения слепоты, позволяя быстро очистить глаз от крови и токсинов. – Прим. ред.) при активной ретинопатии недоношенных проводится в двух медицинских организациях страны. Это многопрофильная городская больница №2 в Астане и Центр детской неотложной медицинской помощи Алматы, располагающих необходимым высокотехнологичным оборудованием, подготовленными специалистами и условиями для оказания специализированной офтальмохирургической помощи детям.

Кроме того, в Казахском научно-исследовательском институте глазных болезней осуществляется хирургическое лечение детей с рубцовыми стадиями ретинопатии недоношенных и отдаленными осложнениями заболевания.

Наша героиня Гульбану Ахметова пока не знает, смогут ли операции или новые технологии когда-нибудь изменить жизнь ее сына. Но сегодня для нее главное – не ждать чуда, сложа руки. Айсултан ходит в детский сад, учится передвигаться с тростью, сам спускается по лестнице и каждый день осваивает то, что для других детей кажется обычным. А его мама продолжает искать любую возможность, которая однажды может изменить его жизнь. Ведь она живет между пониманием диагноза и надеждой на долгожданное чудо.

Бота Ибраева

https://www.zakon.kz/stati/6522516-a-ty-menya-ne-ostavish-istoriya-semi-iz-aktau-kotoraya-vospityvaet-nezryachego-syna

АРНАЙЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Қазақстанда «е-Ымдау» ым-ишараттық тілінің бейне сөздігі іске қосылды

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту бағытындағы маңызды жобалардың бірі – «е-Ымдау» ым-ишараттық тілінің бейне сөздігі ресми түрде қолданысқа енгізілді. Жоба ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесі мен Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Жаңа цифрлық ресурс есту қабілеті бұзылған балалар мен ересектердің білім алуына, қарым-қатынас жасауына және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

«е-Ымдау» бейне сөздігінің басты ерекшелігі – сөздер мен ұғымдарды ым-ишараттар арқылы көрнекі түрде ұсынатын интерактивті деректер базасына негізделуі. Автоматтандырылған іздеу жүйесінің көмегімен пайдаланушылар қажетті сөзді жылдам тауып, оның дұрыс ым-ишараттық нұсқасымен таныса алады.

Бейне сөздік қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді. Оны App Store қосымшасы арқылы жүктеуге немесе Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайты арқылы онлайн форматта пайдалануға болады.

«е-Ымдау» сөздігі 21 лексикалық тақырыпты қамтиды. «е-Ымдау» бейне сөздігі есту қабілеті бұзылған азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін кеңейтуге, ым-ишараттық тілді үйренуді жеңілдетуге және инклюзивті білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Жобаның іске қосылуы ерекше білім беру қажеттілігі бар азаматтардың сапалы білім алуына және қоғам өміріне толыққанды қатысуына қосымша мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-да инклюзивті цифрлық платформа әзірленді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде инклюзивті цифрлық платформа әзірленді. Жоба мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алуына және университет өміріне белсенді қатысуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Әзірлеме ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті студенттерінің өндірістік тәжірибесі аясында жүзеге асырылды. Бастамаға ҚазҰУ-дың Ақпараттық технологиялар департаменті мен Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты қолдау көрсетті.

Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының директоры Диляра Урмановаңың айтуынша, бұл – Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі студенттердің тікелей қатысуымен жүзеге асырылған алғашқы толыққанды жоба.

«Жобаның басты ерекшелігі – нақты цифрлық өнімді инклюзивті студенттер командасының бірлесіп әзірлеуі. Жобаға есту және көру қабілеті бұзылған, сондай-ақ сал ауруына шалдыққан білім алушылар қатысты. Тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету үшін кәсіби сурдоаудармашы тартылды. Ал цифрлық қолжетімділікке қатысты барлық шешімдер мүмкіндігі шектеулі студенттердің тәжірибесі ескеріле отырып әзірленіп, сынақтан өткізілді», – деді ол.

Жоба аясында қатысушылар бағдарламалық өнімді әзірлеудің толық циклінен өтті. Олар талаптарды талдап, жүйе архитектурасын жобалады. Сонымен қатар функционалдық модульдерді әзірлеп, интерфейстің қолжетімділігін тексеріп, платформаны іске қосты.

Нәтижесінде жаңалықтар мен медиа бөлімі, іс-шаралардың интерактивті күнтізбесі, Тұрақты даму мақсаттарына арналған блог, медиагалерея және өзге де цифрлық сервистерді қамтитын заманауи веб-платформа жасалды.

Студенттер әзірлеген инклюзивті цифрлық платформа Әлеуметтік қорғау саласын дамыту ұлттық ғылыми орталығының қызығушылығын тудырды. Қазіргі таңда орталық жобаны одан әрі дамыту мүмкіндіктерін және оны әлеуметтік қорғау саласындағы инклюзивті цифрлық шешімдерді әзірлеуге, кәсіби дамуды қолдауға әрі азаматтардың әртүрлі санаттары үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыруға негіз ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастырады.

https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/1260645?lang=kk

Чего «не видит» трость

Десятиклассник создал устройство, которое предупреждает незрячих людей о препятствиях.

Технологии стремительно меняют качество жизни. Но для миллионов незрячих и слабовидящих людей даже безопасная прогулка по городу остается рискованной задачей. Трость помогает обнаружить препятствия внизу, слух улавливает движущиеся объекты. Однако между ними остается опасная зона: низко висящие ветки, дорожные знаки, козырьки подъездов – все то, что бесшумно и статично подстерегает на уровне головы и плеч.

Именно эту проблему решил закрыть десятиклассник московской школы №2120 Александр Поляков. Вместе с научным руководителем Романом Перепечаевым он разработал носимое устройство – повязку на голову с ультразвуковым эхолокатором. Датчик сканирует пространство впереди, а микроконтроллер преобразует расстояние до препятствий в тактильные сигналы: чем ближе объект, тем сильнее вибрация. В отличие от звуковых систем разработка не заглушает слух – пользователь продолжает слышать шум машин, голоса и другие важные звуки улицы. Акселерометр автоматически переводит устройство в спящий режим при отсутствии движения, экономя заряд батареи.

Проект не заменяет трость и слух, а дополняет их, закрывая ту самую слепую зону, которую не охватывают существующие аналоги. Сегодня он находится на стадии действующего лабораторного прототипа. Впереди – испытания с участием незрячих людей, доработка эргономики и подготовка к более масштабным полевым экспериментам.

«Ъ-Наука» поговорила с юным разработчиком о том, почему вибрация лучше звука, сколько ложных срабатываний он зафиксировал, как настраивал акселерометр и почему его устройство – только помощник, а не замена базовых навыков ориентации.

– **Почему в качестве канала обратной связи вы выбрали именно вибрацию, а не, скажем, звуковой сигнал с пространственным позиционированием или легкое термическое воздействие? Как вы поняли, что тактильный паттерн не будет интерферировать с другими вибрационными сигналами в городской среде (например, от телефона или тактильной плитки)?**

– Я выбрал вибрацию, потому что она не заглушает слух. Я считаю, что это самый важный фактор для безопасности человека в открытой среде. Например, на улице человек должен продолжать слышать звук машин, человеческие голоса. Звуковой сигнал отвлекает и может заглушить какой-то важный звук. Тепловое воздействие я не рассматривал, потому что считаю это достаточно сложным в реализации моего проекта. Вибрация моего устройства кардинально отличается от вибрации телефона или часов. Она плавно нарастает в зависимости от расстояния до препятствий: чем ближе препятствие, тем сильнее вибрация. И ощущается она на голове, а не в руке или в кармане. Поэтому спутать с другими вибрациями ее достаточно трудно.

– **Ваш ультразвуковой датчик ориентирован вперед. Как вы решаете проблему дискриминации объектов: отличает ли система низко висящую ветку от, скажем, приближающегося человека или стены, которые не требуют оповещения? Какой процент ложноположительных срабатываний вы зафиксировали в ходе испытаний и как это влияет на доверие пользователя к устройству?**

– Мой ультразвуковой датчик не различает объекты, а измеряет расстояние до препятствия. Я не считаю это критичным, поскольку моей первоначальной задумкой было обеспечить безопасность для незрячего человека, чтобы он не травмировал себе голову и всегда знал, что впереди препятствие. В любом случае незрячий человек должен быть осторожен. Когда я проводил испытания, примерно два-три срабатывания из десяти оказались ложными. Я считаю это приемлемым для прототипа и некритичным, потому что вибрация возрастает плавно в зависимости от расстояния до препятствий.

– **Вибрация – это дополнительный сенсорный канал, который требует привыкания. Проводили ли вы исследования времени адаптации? Не перегружает ли устройство пользователя в сложной акустической среде, когда он одновременно слушает дорогу, ощущает трость и обрабатывает вибрационные паттерны?**

– Я понимаю, что вибрация становится дополнительным каналом информации для незрячих людей, но в моем устройстве она должна дополнять другие источники информации, такие как слух и трость, и не требует постоянного внимания. То есть человек должен просто

ощущать вибрацию и понимать, что он приближается к препятствию. Это не звук, который может заглушить или по-настоящему перегружать человеческий мозг. Я проводил на себе испытания с закрытыми глазами, и мне потребовалось около пяти-семи минут, чтобы привыкнуть к вибрации.

– **Вы упомянули акселерометр для перехода в спящий режим. Но ведь движение головы и само движение тела – разные вещи (человек может стоять, но поворачивать голову). Не приводит ли ваш алгоритм к ложному пробуждению или, наоборот, к задержке активации при начале движения? Какое реальное время автономной работы вы получили в полевых условиях?**

– При первом запуске устройства акселерометр был очень чувствительным, реагировал на любые движения, даже малейшие. Но это всегда можно настроить в коде программы. И я настроил акселерометр так, чтобы он стал менее чувствительным и срабатывал на достаточно заметные движения, то есть человек мог повернуть голову спокойно и устройство не начинало вибрировать, оставалось в спящем режиме. Насчет реального времени работы — это около шести часов активной работы при условии, что человек целый день ходит и устройство работает постоянно, измеряет расстояние до препятствий, издает вибрации.

– **Вы позиционируете устройство как решение для слепой зоны над тростью. Но не создает ли добавление нового сенсорного потока у пользователя иллюзию полной защищенности, из-за чего он может начать пренебрегать тростью или слухом? Как вы проектируете поведение устройства, чтобы оно именно дополняло, а не подменяло базовые навыки ориентации?**

– Я всегда подчеркиваю, что мое устройство является дополнением к трости и слуху, но не их заменой. При анализе аналогов я обнаружил, что слух бессилен против бесшумных и статичных препятствий, таких как знаки, навесы, а трость просто не видит препятствия выше человеческого пояса. Поэтому у меня и зародилась идея — закрыть эту образовавшуюся слепую зону на уровне головы, шеи и человеческого пояса, создав эхолокатор.

– **Повязка на голову – решение с высокой вариативностью по размеру и форме черепа, особенно у детей и пожилых людей. Как вы обеспечиваете стабильное положение ультразвукового датчика относительно горизонта, чтобы угол сканирования не менялся от движения или анатомических особенностей пользователя?**

– Повязка в моем прототипе используется обычная, эластичная. Я понимаю, что она может подойти не на все размеры головы. В будущем я планирую переработать корпус и добавить ремешки, чтобы плотнее зафиксировать устройство на любой голове. Но и сейчас датчик держится крепко, ни разу не слетал за время тестирования.

– **На какой стадии находится проект сейчас: лабораторный прототип, полевые испытания на группе пользователей или предсерийный образец? И главное, какая метрика эффективности для вас критична – снижение количества микротравм у пользователей, субъективный комфорт или скорость прохождения маршрута? Как вы планируете это измерять на следующем этапе?**

– Проект находится на стадии лабораторной работы, прототипа. Все компоненты работают хорошо. Самое главное для меня – уменьшить количество травм и рисков удара головой. В будущем я планирую провести испытания среди незрячих людей, получить обратную связь, чтобы улучшить и доработать устройство.

https://www.kommersant.ru/doc/8761967

АТА-АНА МЕН БАЛА
РОДИТЕЛИ И ДЕТИ

Балалар үйлерінің 140 тәрбиеленушісі «Жұлдыз болғым келеді» жобасының финалына өтті

«Жұлдыз болғым келеді» II республикалық шығармашылық жобасының финалистері анықталды. Идеясы мен тұжырымдамасының авторы блогер әрі балалар үйінің түлегі Алексей Лодочников болып табылатын жоба Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен «El Umiti» корпоративтік қорының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Жоба жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілерін қолдауға және олардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған.

Биыл конкурс би жанры бойынша өткізіліп жатыр. Өңірлік іріктеу кезеңдерінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың 370 тәрбиеленушісі өз өнерін көрсетті. Іріктеу қорытындысы бойынша 140 үздік қатысушы финалға жолдама алды.

Финал 2026 жылғы 29–30 қазанда Астанада өтеді. Екі күн бойы қатысушылар үлкен сахнада өнер көрсетіп, жобаның басты жүлделері үшін бақ сынайды.

Конкурс жеңімпаздарына жүлде қоры қарастырылған.

2025 жылы жоба алғаш рет вокал жанры бойынша өткізілді. Сол жылы конкурсқа балалар үйлерінің 170 тәрбиеленушісі қатысып, 40 үздік қатысушы финалға өткен болатын. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен шетелге шығу мүмкіндігі берілді.

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1239085?lang=kk

ТАРИХ
ИСТОРИЯ

2 шілде – Дипломатиялық қызмет күні

Қазақстан дипломатиясы қалай қалыптасты – Тұңғыш Сыртқы істер министрімен сұхбат

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәтте шет елдермен қарым-қатынас та, кәсіби дипломатия мектебі де жолға қойылмаған болатын. Ал бодандықтан енді ғана босаған мемлекетті әлемге танытып, халықаралық байланысын күшейту маңызды міндеттің бірі еді. Дәл осындай тағдыршешті кезеңде Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов жаңа мемлекеттің дипломатиялық қызметін қалыптастыруға бір кісідей атсалысты.

Дипломатиялық қызмет күніне орай талай жыл елші болған Төлеутай Ысқақұлымен қазақ дипломатиясының қалыптасуы, Қазақстанның БҰҰ-ға қабылдануы, халықаралық қауымдастықтағы алғашқы қадамдары, шетелдік инвестиция тартудағы келіссөздер мен ядролық қарудан бас тарту туралы тарихи шешімнің мәні жайында әңгімелестік.

– Төлеутай мырза, сіз Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары, тіпті тәуелсіздік алғанға дейінгі уақытта да дипломатиялық қызметтің басы-қасында болдыңыз. Ол кезде елімізді әлемге таныту, жаңадан шет елдермен байланыс орнату міндеті тұрды. Сол кезеңге бір уақ көз жүгіртсек, Қазақстанның алғашқы дипломаты ретінде ең әуелі қандай мәселені шешуге қажыр-қайратыңызды жұмсадыңыз?

– Тәуелсіздік алғанымызға биыл, міне, 35 жыл толады. Аз уақыт емес. Бірақ сол кезеңдегі оқиғаның бәрі әлі күнге дейін есімде. Ол уақытта Қазақстанның дербес дипломатиялық қызметі болған жоқ. Сыртқы істер министрлігі болғанымен, оны толыққанды министрлік деу қиын еді. Құрамында бес-алты ғана дипломат жұмыс істейтін. Негізінен одақтық құрылымның бір бөлімі сияқты қызмет атқарды, сондықтан егемендік алғаннан кейін бізге дипломатиялық қызметті іс жүзінде жаңадан құруға тура келді.

Мен 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстанға оралдым. Оған дейін Кеңес Одағының дипломаты ретінде Ауғанстанда, Иранда қызмет еттім. Елге келген соң сол кездегі Президент Нұрсұлтан Назарбаев мені қабылдап, сыртқы саясатты қалыптастыру жұмысына қатысуды тапсырды. «Бізде сыртқы саясат жоқ, енді соны бірге құрамыз. Мен саған көмектесемін!» деді.

Дайын құрылым жоқ, тәжірибелі дипломаттар өте аз еді. Сондықтан жұмысты кадр жинаудан бастадық. Мәскеуде бірге қызмет істеген әріптестерімді Қазақстанға шақыруға рұқсат сұрадым. Мұнымды Президент те қолдады. Бірнеше айдың ішінде үш-төрт тәжірибелі дипломат келіп, жаңа министрліктің жұмысын ұйымдастыруға көмектесті.

Бастапқы кезеңдер өте ауыр болды. Аудармашылар жетіскен жоқ, халықаралық кездесулерді ұйымдастыру, құжаттарды дайындау, келіссөздер өткізу сияқты жұмыстың бәрін қатар алып жүруге тура келді. Сондықтан дипломатиялық кадрларды жүйелі түрде даярлауға ерекше көңіл бөлдік.

Шет тілін меңгерген жастарды іздедік. Ағылшын, француз, неміс, араб және басқа тілді білетін түлектерді іріктеп алдық. Бірақ тілді меңгерудің өзі жеткіліксіз еді. Дипломатиялық қызметтің өз тәртібі бар, мұның бәрін іс жүзінде үйрену қажет. Сол себепті шетелдердің сыртқы істер министрлігімен тікелей жұмыс істедік. Түркия, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Пәкістан, Иран және басқа да мемлекеттермен келіссөздер өткіздік. Сол елдердің министріне Қазақстанның енді ғана тәуелсіздік алғанын, дипломатиялық мектебіміз әлі қалыптасып жатқанын ашық айттық. Қаржылық мүмкіндігіміздің де шектеулі екенін жасырған жоқпыз.

Сөйтіп олар біздің жастарды екі-үш айлық тәжірибеден өткізуге келісті. Жас мамандар сол елдердің сыртқы істер министрлігінде жұмыс істеп, дипломатиялық хаттамамен, келіссөз жүргізу тәртібімен, елшіліктердің жұмысымен танысты. Кейін солардың көбі Қазақстан дипломатиясының қалыптасуына үлес қосты.

– Сөзіңіз аузыңызда, иә, елде дипломатиялық қызметті қалыптастырудың алғашқы қадамы жасалғаннан кейін тұтас Қазақстанның алдында өзін әлемге таныту міндеті тұрды ғой. Маған осы тұс қызық болып отыр. Шетелге барғандағы алғашқы сапарлар қалай өтті? 35 жыл бұрын сол кездегі жас мемлекетті әлемге таныту да оңай болмаған шығар?

– Әрине, оңай болған жоқ. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары елдің жағдайы өте қиын еді. Қаражат тапшы болды. Елшіліктер ашу керек, келіссөздер жүргізу керек, шетелге шығу керек. Бірақ оған мүмкіндік өте шектеулі болатын. Тіпті тәуелсіздікті жарияланған кезде Ұлттық банкте небәрі 8 келі күміс қана болды. Қазір соған сенер ме едіңіз?.. Алтын да, доллар да жоқ еді. Сол кезде Президент экономиканы көтерудің бірден-бір жолы инвестиция тарту екенін жақсы түсінді. Сондықтан біз де Қазақстанға шетелден капитал тартуды сыртқы саясаттың негізгі міндеттерінің бірі етіп алдық.

Алғашқы кезде ең алдымен көрші мемлекеттерге сапарладық. Түрікменстанға, Қырғызстанға, Ресейге, Беларуське барып, қолдау сұрадық. Бірақ олардың өздері де қиын жағдайда еді. «Өзімізде де қаражат жоқ» деген жауапты жиі еститін болдық. Сондықтан назарымызды басқа елдерге бұрдық. Үндістанға, Пәкістанға, кейін Түркияға, Еуропа мемлекеттеріне, АҚШ пен Канадаға сапар ұйымдастырдық. Әр сапарды барынша тиімді пайдалануға тырыстық. Бір іссапар аясында екі елге баруды жоспарлайтынбыз. Мысалы, Үндістанда екі күн болсақ, кейін бірден Пәкістанға бардық. Испанияға барсақ, Италияға да жолай соға саламыз. Кейін Германияға, Францияға, Бельгияға, Чехияға, Словакияға, Финляндияға, Норвегияға, Швецияға барып, келіссөз жүргіздік.

Бірақ оған дейін шетелге жетудің өзі қиын еді. Ол кезде Қазақстанда қазіргідей алысқа ұша жөнелетін ұшақтар болған жоқ. Мәскеуге қатынайтын шағын ұшақтар ғана бар еді. Бір қызық айтайын, ұзақ сапарға шыққанда Ақтөбеге, Атырауға, кейде Өзбекстанға тоқтап, сол жерлерден жанармай құйып алатын едік. Тек 1993-1994 жылдары ғана үлкен ұшақтар алына бастады. Оған дейін кейде ұшақ жалдаймыз, кейде басқа амалын іздейміз. Ең бастысы – жұмысты тоқтатпау.

Біз қай мемлекетке барсақ та, ең алдымен Қазақстанды таныстырдық. «Біз – жаңа тәуелсіз мемлекетпіз. Мұнайымыз бар, газымыз бар, табиғи ресурстарымыз мол. Бірақ оларды игеруге технология мен инвестиция қажет. Қазақстанға келіңіздер, бірге жұмыс істейік!» деп шақыратын едік.

Басында Қазақстанды көп адам біле бермейтін. Америкаға барғанымызда «Қазақстан қай жерде?», «Сіздерде электр жарығы бар ма?», «Көлік бар ма?» деген сұрақтар қоятын. Біз әзілдеп: «Жоқ, түйемен жүреміз» дейтінбіз. Кейін: «Қазақстанға келіп, бәрін өз көзіңізбен көріңіз» деп шақырдық. Барған сапардың бәрінде еліміздің табиғи байлығы мен экономикалық әлеуеті туралы айтып, ақпараттық материалдар тараттық. Бар уайымымыз да, ойымыз да Қазақстанды өзге жұртқа таныстыру әрі елге инвестиция тарту болды.

– Қазақстанды әлемге танытудан бөлек, тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қауымдастықтың мойындауы да үлкен жұмыс еді. Сол жолдағы ең ірі істердің бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу. Бұл үдеріс қалай жүрді? Тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен елге халықаралық ұйымның көзқарасы қандай еді?

– Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін алдымызда тұрған ең маңызды міндеттердің бірі елімізді Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше ету болды. Бұл жұмысқа тәуелсіздік алған алғашқы күндерден-ақ кірісіп кеттік.

Мен сол кезде БҰҰ-ға кіруге қажетті құжаттарды дайындаумен айналыстым. 1991 жылдың 25 желтоқсанында барлық құжатты әзірлеп, Нью-Йоркке жібердік. Бірақ ол кезде қазіргідей байланыс жоқ. Қазақстанның өз халықаралық байланыс жүйесі әлі қалыптаспаған. Сондықтан Кеңес Одағы кезінде бірге жұмыс істеген әріптестерімнің көмегіне жүгіндім. Ресейдің байланыс арнасы мен елшілігі арқылы құжаттарды Нью-Йоркке жеткіздік. Одан кейін жұмыс өте қарқынды жүрді. Осылайша 1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

Бұл біз үшін өте маңызды оқиға болды. Өйткені БҰҰ-ға мүшелік Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық деңгейде мойындалғанын білдірді. Осыдан кейін ЕҚЫҰ-ға және басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болу жұмысы басталды.

Қай мемлекетке барсақ та, Қазақстан туралы айтып, жаңа тәуелсіз елдің ұстанымын түсіндіруге тырыстық. Елдің экономикасы, мүмкіндігі, сыртқы саясаты туралы әңгімелестік. Қазақстанның табиғи ресурсы, өндірістік әлеуеті, мұнай-газ қоры, металлургия саласы туралы жан-жақты ақпарат дайындап, шетелдік компанияларды инвестиция салуға шақырдық.

Сол кезде Мемлекет басшысы да барлық халықаралық кездесуде осы мәселеге ерекше көңіл бөлді. Әрбір ресми сапарда Қазақстанның инвестициялық әлеуеті таныстырылды. Қазақстанға алғашқы болып ірі инвестиция салған ел – Америка Құрама Штаттары. «Chevron» компаниясымен келісім жасалып, Теңіз кен орнын игеру басталды. Бұл Қазақстан үшін аса маңызды тарихи шешімдердің бірі еді. Өйткені осыдан кейін елімізге басқа да халықаралық мұнай компаниялары келе бастады. Британия, Италия, Франция, Норвегия, Жапония және басқа мемлекеттердің ірі компаниясы Каспий қайраңындағы жобаларға қызығушылық танытып, инвестиция салды.

Сөйтіп экономика біртіндеп жандана бастады. Біз халықаралық қаржы институттарымен жұмыс істедік, несие тарттық, жаңа өндірістерді іске қостық. Мұнай саласына келген инвестиция кейін мемлекеттік бюджет кірісінің артуына мүмкіндік берді. Экономика нығайған сайын жаңа инфрақұрылым салынды, елдің де мүмкіндігі кеңейе түсті.

Кейін мұнайдан түсетін табысты болашақ үшін жинақтау мәселесі көтерілді. Осылайша Ұлттық қор құрылды. Бұл да стратегиялық тұрғыдан маңызды шешім еді. Қазір оның тиімділігін көріп отырмыз. Қиын кезеңдерде, табиғи апаттар мен басқа да төтенше жағдайларда мемлекет дәл осы қордың мүмкіндігін пайдаланып келеді. Сондықтан тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда қабылданған экономикалық шешімдердің тарихи маңызы зор деп есептеймін.

– Жаңа ғана тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы экономикалық шешімдердің маңызына тоқталып өттіңіз. Сол кезеңде Қазақстанның сыртқы саяси бағытын айқындаған тағы бір тарихи шешім қабылданған еді. Ол – Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы. Бүгінгі геосаяси жағдай тұрғысынан саралап қарағанда, бұл шешім қаншалықты дұрыс болды деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, бұл дұрыс шешім болды. Сол кезде ядролық қарудан бас тарту мәселесі өте ұзақ талқыланды. АҚШ-пен, Ресеймен келіссөздер жүргіздік. Қаруды Ресейге қайтару туралы шешім оңай қабылданған жоқ. Ақырында 1994 жылы тиісті құжаттарға қол қойылып, аталған мәселе толығымен шешілді.

Ядролық қарудан бас тартқаннан кейін Қазақстан халықаралық қауымдастықтың үлкен қолдауына ие болды. Дүниежүзілік банктен, Ресейден, АҚШ-тан және басқа да мемлекеттерден ядролық полигонның зардаптарын жоюға, түрлі жобаларды жүзеге асыруға қаржы тарттық. Мен сол кезде Сыртқы істер министрі ретінде осы келіссөздерге атсалыстым. АҚШ-қа да бірнеше рет барып, Қазақстанның ұстанымын түсіндірдік, дипломатиялық байланыстарды нығайттық. Кейін Еуропа елдерімен, Ресеймен, Үндістанмен, Пәкістанмен және басқа мемлекеттермен экономикалық ынтымақтастықты дамытуға кірістік. Өйткені тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда біз үшін ең маңыздысы экономикамызға инвестиция тарту болды. Егер Қазақстан ядролық қаруды өзінде сақтап қалғанда, бұған қол жеткізу өте қиын болар еді. Шетелден инвестиция келмес еді. Халықаралық компаниялар да, қаржы институттары да Қазақстанмен жұмыс істеуге асықпас еді. Бұл АҚШ-тың да басты талаптарының бірі болды. Олар ядролық қарудан бас тартқан жағдайда ғана Қазақстанға инвестиция тарту жеңілдеп, халықаралық компаниялармен жұмыс істеуге мүмкіндік ашылатынын ашық мәлімдеді.

Әрине, біз ядролық қарудан бас тартқанда, қауіпсіздік кепілдіктерін де алдық. Сол кезде бұл маңызды фактор болды. Бірақ бүгінгі әлемдік ахуалға қарап, мұндай кепілдіктердің әрдайым жұмыс істей бермейтінін көріп отырмыз. Соған қарамастан мен сол кездегі шешімді әлі де дұрыс

деп есептеймін. Егер біз ядролық қаруды сақтап қалғанда, халықаралық оқшаулануға ұшырауымыз мүмкін еді. Солтүстік Кореяның жағдайын қараңыз. Елге инвестиция тарту тұрмақ, халықаралық ұйымдардың жұмысына толыққанды қатыса алмай отыр. Қазақстан да сондай жағдайға тап болуы мүмкін еді. Ал біз ядролық қарудан бас тартқаннан кейін елімізге инвестиция ағыла бастады, халықаралық қаржы институттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік туды. Бұл Қазақстан экономикасының дамуына және әлемге есігі ашық мемлекет ретінде қалыптасуына жол салды.

– Түсінікті. Қазақстанның БҰҰ-ға қабылдану үдерісіне тікелей қатысқаныңызды айттыңыз. Содан бері ұйымның рөлі де, халықаралық ахуал да айтарлықтай өзгерді. Қазір ірі державалардың арасындағы қайшылықтар күшейіп, БҰҰ-ның қақтығыстарды шешудегі әлеуеті сынға ұшырап отыр. Сіздіңше, осы ұйымның беделін сақтау үшін қандай реформалар қажет?

– Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 80 жылдан асты. Әрине, оған реформа керек. Әлем түбегейлі өзгерді, ал ұйымның құрылымы сол қалпында қалып отыр. Сондықтан БҰҰ-ны реформалау мәселесі бұрыннан көтеріліп келеді. Десе де, мұндай өзгерістерді жүзеге асыру оңай емес. Себебі БҰҰ-ның штаб-пәтері АҚШ-та орналасқан. Ұйымның негізгі қаржыландырушыларының бірі де – Америка Құрама Штаттары. Сондықтан ұйымның шешімдеріне ірі державалардың ықпалы сезілетіні жасырын емес.

Мысалы, Ирактағы, Ливиядағы, кейінгі Иранның төңірегіндегі оқиғаларға қатысты БҰҰ-ның ұстанымы жиі сынға ұшырады. Осындай жағдайлар ұйымның тәуелсіздігі туралы сұрақтардың туындауына себеп болып отыр. Сондықтан БҰҰ қандай да бір мемлекеттің ықпалынан барынша тәуелсіз жұмыс істеуі керек деп ойлаймын.

Ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесіне реформа қажет. Бұл мәселені Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та көтерді. Оның айтуынша, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамы кеңейіп, Азия, Латын Америкасы сияқты өңірлерден жаңа тұрақты мүшелер қосылуы керек. Мысалы, Үндістан мен Бразилия сияқты мемлекеттердің өкілдігін күшейту қажет. Өйткені қазіргі әлем бұрынғыдан әлдеқайда өзгерді, ал халықаралық қауіпсіздікке қатысты шешімдер де соған сай қабылдануға тиіс.

Бұған дейін БҰҰ-ның қызметін жаңғыртуға қатысты басқа да ұсыныстар айтылды. Мәселен, 2010 жылы Астанада өткен саммит кезінде ұйымның кейбір құрылымдарын Азияға көшіру мүмкіндігін қарастыру жөнінде бастама көтерілген еді. Мұндай ұсыныстардың мақсаты – БҰҰ қызметін бір өңірге ғана тәуелді етпей, оны халықаралық ұйым ретінде теңгерімді дамыту. Бірақ бұл бастамалар әзірге жүзеге асқан жоқ. Сондықтан БҰҰ өзінің беделі мен ықпалын сақтап қалғысы келсе, уақыт талабына сай реформалар жүргізуі керек.

– Тәуелсіз Қазақстанды алғаш таныған, мойындаған мемлекеттердің бірі Түркия ғой. Бүгінде түркі мемлекеттері арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқаны жиі айтылады. Қалай ойлайсыз, түркі ынтымақтастығы мәдени жақындықтан гөрі, нақты саяси және экономикалық күшке айналуы мүмкін бе?

– Меніңше, мұндай мүмкіндік бар. Соңғы жылдары түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық айтарлықтай күшейді. Мемлекет басшылары тұрақты кездесіп, ортақ бастамаларды талқылап келеді. Бұл – оң үрдіс.

Бізді ең алдымен ортақ тарих, тіл мен мәдениет жақындастырады. Түркияға қызмет бабымен талай рет бардым. Сонда түрік әріптестеріміздің қазақ жеріне деген ерекше ықыласын өз көзіммен көрдім. Олар Қазақстанды тарихи Отаны деп қабылдайды. Түркістанға келгенде, түріктерқазақ топырағына тағзым жасап, ерекше құрмет көрсеткен сәттердің де куәсі болдым. Бұл – жай ғана символикалық әрекет емес. Керісінше адам санасында тарихи жадтың сақталғанын білдіреді.

Әрине, мұндай жақындықтың өзі саяси немесе экономикалық бірлестікке автоматты түрде алып келеді деуге болмайды. Ол үшін ортақ мүдде, өзара сенім және тұрақты экономикалық байланыс қажет. Бірақ түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы алдағы уақытта тереңдей береді деп ойлаймын. Оның нақты қандай деңгейге жететінінуақыт көрсетеді.

- Тәуелсіз Қазақстан дипломатиясының қалыптасуына қатысқан тұлға ретінде, қазіргі жас дипломаттар қандай тарихи сабақ алып, қандай қағидаттарды ұстануы керек деп ойлайсыз?

– Дипломат қандай жағдайда да реалист болуы қажет. Біз өз мүмкіндігімізді дұрыс бағалауымыз керек. Қазақстан – орта держава. Халқымыздың саны да көп емес. Сондықтан «біз бәрінен күштіміз» деген ұранмен емес, салқынқанды саясатпен жүруіміз керек.

Екінші маңызды нәрсе – барлық мемлекетке құрметпен қарау. Біз әр елмен тең дәрежеде сөйлесіп, өзара сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға ұмтылуымыз керек. Келіссөзде қарсы тараптың пікірін тыңдап, саяси, экономикалық және басқа да салаларда екі жаққа да тиімді ынтымақтастық орнатудың жолын іздеу қажет. Дипломатияның мақсаты – тек өз еліңе пайда әкелу емес, сериктеске де тиімді шешім ұсына білу.

Сонымен бірге дипломаттың ең басты міндеті – өз мемлекетінің мүддесін қорғау. Өз жерін, халқын, елінің тәуелсіздігін қорғау – дипломаттың алдындағы негізгі жауапкершілік. Бірақ оны күшпен емес, сөзбен, келіссөзбен, түсіндіру арқылы жүзеге асыру керек. Дипломатия дегеніміз – сөйлесу, пікір алмасу, бір-бірін түсіну.

Біз халықаралық қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесіміз. Сондықтан сыртқы саясатымыздың негізгі қағидаты – бейбітшілік. Біз ешкімге агрессия жасамаймыз, ешкімнің жеріне де, байлығына да көз тікпейміз. Бұл біздің Конституциямызда да, тәуелсіздік алғаннан бергі ұстанған саясатымызда да айқын көрініс тапқан.

Кез келген мәселені келіссөз арқылы шешуге ұмтылу керек. Қаруға жүгіну, күш көрсету, біреуге қоқан-лоқы жасау дипломатияның жолы емес. Әрине, егер елімізге қауіп төнсе, мемлекет өзін қорғауға міндетті. Бірақ барлық басқа жағдайда мәселенің шешімі – келіссөз.

Тағы бір маңызды сабақ – мемлекетіміздің абыройын қорғау. Егер біреу Қазақстан туралы негізсіз пікір айтып, аумақтық тұтастығымызға күмән келтірсе, оған міндетті түрде дипломатиялық жолмен жауап берілуі керек.

– Уақытыңызды бөліп, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін көп рақмет!

Сұхбаттасқан Назерке Сүйіндік

https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-diplomatiyasi-kalay

6 июля – День столицы

День столицы. Как Астана стала символом Независимого Казахстана

6 июля Казахстан отмечает День столицы – государственный праздник, связанный с городом, чья история вместила в себя и древние истоки, и крепостной рубеж на Ишиме, и купеческий Акмолинск, и целинный Целиноград, и современную Астану, ставшую политическим, культурным и символическим сердцем страны. Эта история важна не только как летопись одного города, но и как отражение пути всего независимого Казахстана – от памяти Великой степи к уверенности в будущем. В праздничном материале портал Qazaqstan Tarihy предлагает вновь пройти этот путь – от древнего Бозока и Акмолы до сияющей столицы, которая говорит языком истории, созидания и национальной мечты.

От древнего Бозока к крепости на Ишиме. У Астаны есть не только современная биография, но и глубокая историческая тень, уходящая в века. На территории нынешней столицы и рядом с ней находится городище Бозок, которое исследователи называют древним предшественником Астаны: более тысячи лет назад здесь существовали ставка, поселение и духовный центр степного региона. Этот факт особенно важен для понимания столицы: она возникла не на пустом месте, а на земле, где уже пересекались пути, судьбы и исторические смыслы. Потому сегодняшний городской пейзаж, где рядом звучат ритм проспектов и голос археологии, это продолжение большой степной истории.

Позже, в 1830 году, на реке Ишим была построена крепость Акмола. Вокруг нее постепенно выросло поселение, а затем и город, занявший важное место в торгово-экономической жизни края. Уже в 1832 году был открыт Акмолинский внешний округ, а в 1862 году Акмолинское селение получило статус окружного города. Это был путь, знакомый многим городам степи: из военного укрепления – в административный и торговый узел, из опорного пункта – в место постоянной городской жизни. Так на карте формировался Акмолинск, который со временем стал для огромного региона не просто географической точкой, а местом притяжения людей, ремесел и караванных дорог.

К концу XIX века Акмолинск уже уверенно чувствовал себя степным городом с характером. Его значение определяли выгодное положение, торговые связи и способность

связывать между собой разные пространства – север и юг, кочевую степь и оседлую жизнь, местную традицию и административную систему времени. Именно эта способность быть перекрестком, местом встречи и движения, позже сыграет для города особую роль.

Город, который менялся вместе со страной. В XX веке город вступил в новую эпоху и вновь изменил свое лицо. В 1961 году Акмолинск был переименован в Целиноград, став одним из ключевых центров освоения целинных земель. Для нескольких поколений именно это имя стало символом города — с широкими улицами, новыми кварталами, индустриальным ритмом, молодостью и амбициями времени. Целиноград рос как важный административный и хозяйственный центр, и этот этап нельзя вычеркнуть из памяти: он оставил после себя особую городскую дисциплину, привычку к большому масштабу и ощущение, что степной простор можно не только обживать, но и преобразовывать.

После обретения Казахстаном независимости началось возвращение к историческим именам и собственным смыслам. 6 июля 1992 года Целиноград был переименован в Акмолу. На первый взгляд это было лишь название, но по сути – важный жест эпохи: страна заново собирала свою историческую память, восстанавливала нити, которые связывали современность с более глубоким прошлым. Акмола вновь стала звучать как имя, принадлежащее этой земле, этой истории, этой культуре. И очень скоро выяснилось, что именно этому городу предстоит принять на себя по-настоящему государственную миссию – стать новой столицей суверенного Казахстана.

День, когда степь стала сердцем страны. Решение о переносе столицы в Акмолу было принято 6 июля 1994 года: Верховный Совет Казахстана согласился с предложением о переносе главного города страны из Алматы. Позднее именно 6 июля закрепилось как День столицы, а с 2008 года этот день получил статус государственного праздника. Следующий шаг был сделан 20 октября 1997 года, когда вышел указ об объявлении Акмолы столицей Республики Казахстан; официально этот статус город обрел 10 декабря 1997 года. В истории независимого Казахстана это стало событием исключительного масштаба. Речь шла не просто о смене административного адреса, а о стремлении выстроить центр страны в пространстве, которое географически и символически связывает разные части Казахстана. Так степной город вступил в свою главную историческую роль.

Уже 6 мая 1998 года Акмола была официально переименована в Астану, а 10 июня 1998 года состоялась международная презентация новой столицы Казахстана.

Астана очень быстро стала не только административным центром, но и образом нового Казахстана. Уже в 1999 году город получил по решению ЮНЕСКО звание «Город мира», а с 2000 года стал членом Международной ассамблеи столиц и крупных городов. Это признание было не случайным. Молодая столица с первых лет заявила о себе как о пространстве диалога, дипломатии и открытости миру. В ее облике соединились энергия независимости и желание говорить с современностью на равных – уверенно, достойно, без утраты собственной культурной основы.

Астана как образ будущего. Эта новая роль нашла отражение и в архитектуре столицы. В 2002 году в центре города был построен монумент «Астана-Байтерек», ставший главным символом новой столицы; само слово «Бәйтерек» в национальной мифопоэтической традиции связан с образом Древа жизни. Вслед за ним формировался и новый парадный образ левобережья: строительство резиденции Акорда началось в 2001 году, а ее официальная презентация состоялась 24 декабря 2004 года. В 2006 году открылся Дворец мира и согласия – пирамида, задуманная как символ дружбы, единения и межрелигиозного диалога. А 6 июля 2010 года, к 12-летию столицы, распахнул двери «Хан Шатыр», один из самых узнаваемых современных объектов города. Эти здания стали больше, чем архитектурой: они превратились в визуальный язык независимого Казахстана.

История имени столицы продолжилась и в новейшее время: в марте 2019 года город был переименован в Нур-Султан, а в сентябре 2022 года ему вернули имя Астана. Но как бы ни менялось название в официальных документах, неизменным оставалось главное: этот город продолжал быть местом, где концентрируются энергия страны, государственная воля и гражданская надежда. Сегодня Астана остается столицей Казахстана и одним из самых быстро растущих мегаполисов страны: по последним данным Бюро национальной статистики, население столицы превысило 1,6 млн человек. За этими цифрами – судьбы людей, новые кварталы,

университеты, театры, музеи, площади, мосты и целая вселенная повседневной жизни, наполняющей официальный статус живым содержанием.

И потому День столицы – это праздник не только красивых фасадов и торжественных мероприятий. Это день памяти о длинном пути, который прошла казахстанская столица: от древнего Бозока и крепости Акмола до современного города, известного далеко за пределами страны. Астана – это город, в котором прошлое не спорит с будущим, а ведет с ним разговор. Здесь степь не исчезла под камнем и стеклом, а поднялась вместе с ними в новый исторический масштаб. И когда 6 июля над столицей вновь звучат праздничные слова, Казахстан видит в Астане живой символ своей независимости, созидательной силы и устремленности вперед.

Аян Аден

https://e-history.kz/ru/news/show/50001763?ysclid=mriynewi18563379748

ПРОЗА

Ұларбек Дәлейұлы

Алма өспейтін ауыл

(Эссе)

Оқушылардың жазғы демалысы жақындап қалған. Бір сарынды оқудан жалыққан тау балалары еркіндікке шығатын, жел кезген қыстақ көшесін шаңдата ойнайтын, бірі жайлауға кетіп, кең тыныстайтын күндерді тағатсыздана күтеді.

Ауыл орталығындағы мектеп пен біздің Көктерек қыстағының арасы алты-жеті шақырым. Қыс күндері екі аралық тіпті алыстап кетеді. Ақ қар көмген дала, кез келген уақытта ұйытқып соғатын пәтуасыз боран, мақта теңізіндей мамықта омбылай басқан ізіңнен қалатын сүрлеу. Атыңды жетелеп, тоныңды арқалап, ту-у алысқа көшіп кетпесең, мұнда жүреді екенсің қыстан бәрібір құтылмайсың. Сондықтан Алтайдың адамдары қыста бір бөлек, жазда бір бөлек мінез танытатынын ақыры түсінесіз. Ал жазда табалдырығыңнан басталып, көз ұшына жұтылатын қаражолмен жүру оңай, әсіресе велосипедің болса, сол алты-жеті шақырым дегеніңіз ересек балаға тым жеңіл көрінеді. Тек бір нәрсе бар – ойға салмақ салатыны да сол жолдың өзі.

Өзім күнде жүрген соң осынау құба жолдың иірі мен шиырын әбден танып алғанмын. Қай айналмада шашылған қойтастардың күн қақтаған қыналы желкесі көрінетіні, қай ағында жиналған құм табаныңды қыздыратыны, қай дөңестен соққан жел сарайыңды ашып, қай қойнауда тұнған ыстық пен буалдыр сағым аңқаңды кептіретіні – бәрі таныс.

Өрі мен қыры көп сол шаңдақ жолда велосипедпен ызғытып келе жатыр едім, сонадайдан әйел қарасы көрінді. Қыстақтар арасындағы тарам-тарам иен жолдарда тәңертең-кеш болмаса, талма түс кезінде адам қарасы аз болады. Жақындай бергенде таныдым, бізбен көрші тұратын жеңгем екен. Ес білгеннен көз алдында өскендіктен оның мені «қайным» деуден гөрі баласындай қарайтынын сезетінмін.

Жақындап келіп амандасқанша жерден басын көтерген жоқ. Менің жел ұрып қарлыққан дауысымды естігенде барып, «селт» етіп қарады. Жүзін торлаған мұң бар. Екі беті нарттай қызыл, сұлу да келісті жан еді, мына түрі маған ерсі көрінді.

– Жеңге, мінгесіп алыңыз! – дедім өзімді нар жігіт сезініп.

– Өзің бара бер. Мені алып жүре алмайсың, босқа шаршайсың. Анау Бәйгетөбе жақтағы қабірдің қасынан өткенше қасымда еріп жүрсең болды. Сосын кете бер...

– Онда сөмкеңізді беріңіз, бөктеріп алайын.

Онша салмақты емес қара сөмкені велосипедімнің артқы орындығына өз сөмкеммен қосып, шандып байлап алдым. Қатарласа жүріп келеміз, арамызды белгісіз үнсіздік алшақтатып тұр. Алдымызда тік өр бар еді, қолымды алға созып, бар күшімді аяғыма жинап, велосипедімді сүйреп жеңгемнен кейін шықтым. Көпірден өтіп, аумағы үлкен, балшық қорғанды зираттың қасында келеміз.

– Сіз зираттан, өлген адамдардан қорқасыз ба?

– Иә... бұрын қорықпаушы едім, соңғы бір аптадан бері үрей буып жүр. Мені уақыты жетпей, жазықсыз өлген адамдардың, әсіресе, тумай өлген сәбилердің аруағы қинайтын болды...

«Қабірстаннан қорқамын» деген сөзді бұрын үлкендерден талай естуші едік. Бірақ менің бала көңілімде қабір маңы еш қорқыныш емес, қайта ауылдың бір шеті ғана сияқты сезілетін. Ол жерде менің туысқандарым, ата-әжелерім жатыр. Екі жыл бойы осы жерден күндіз де, түнде де

өтіп жүрсем де, «қорқу» деген сөздің өзі ойыма келіп көрмепті. Қабірстанның етек жағы тоған, екі жағасы самсаған бақбақ, алабота мен жусан, жол қабір мен тоған арасын жарып өтеді. Әр түрлі жазумен өрнектелген құлпытастар жақыннан көрінетін. Сол тұсқа жеткенде жеңгейдің жүрісі баяулады. Иығы салбырап, бір сәтке тұрып қалды да, мені айналып, тоған жақ шетке өтті. Қорыққан адам көбінесе өзіне емес, қасында біреудің бар-жоғына мән береді. Ол да солай, көзінің қиығымен мен жаққа қарап қояды. Бала болсам да мені пана көріп келе жатқаны.

Жаныңдағы үлкен адам үрейленсе, сені де қорқыныш буатыны табиғи. Алғаш рет қабірден қорықтым.

– Бәрі өз адамдарымыз ғой, тиіспейтін шығар... – дедім дауысым құмығып.

– Өз адамымыз жатқан жерден де қорқатын кез болады екен, қайным, – деді.

Сөз мәнісін, нені меңзегенін түсінбедім. Қабірстаннан өткен соң мен өзімді бір үлкен міндетін абыроймен атқарған батырдай сезіндім де қыстаққа қарай құстай ұштым. Жарым жолдан асқанда өрлі-қырлы дөңестер басталады. Бір дөңге шыққанда тұла бойымды тер алып, аузыма құрғақ шөптің дәмі келді. Темір тұлпарымның тіреуішін тіреп, сәл демалып отыр едім, сөмкеге көзім түсті. Өзім сабаққа ұстайтын әскери сарғыш сөмкенің үстінде іші тоқ қара жол сөмке байлаулы тұр. Балалық құмарлық қой, ішін ашқым келді. Сумаң еткен ойды тежей алмадым. «Тек бір қарасам болды емес пе? Ештеңе алмаймын...» деймін өзіме. Бала әрқашан өзін осылай алдайды ғой, үлкендер де өзін солай алдауға құмар, әрі жуып-шаюға шебер келеді. Бірақ айырмасы – үлкен адам алдағанын біледі, бала білмейді. Көп нәрселерді уақыт ескіртеді, махаббатың, кегің, ренішің мен қуанышың бәрі ескіреді. Көнермейтін бір нәрсе бар, ол – әлі есеймеген шағыңда басыңнан өткен кейбір тосын істердің ыстығы мен суығы.

Сөмкенің аузы ашылғанда бала атаулыны баурап алар бір жұпар иіс аңқыды. Ішінде жаңа туған балаға арналған ит жейде бар екен. Сосын түйе жүнінен тоқылған кіп-кішкентай кеудеше мен сәнді байпақ, орауышқа арналған қалың мата, өзге де ұсақ-түйек киімдер. Ал бір шетінде толық байланбаған шағын жібек қалта ауызынан оншақты алма көрінді. Шамасы, жолда өзі ашқан болса керек. Біздің тауда алма өспейді, қиыр оңтүстікте көктейтін алма, қарбыз дегендерді аудан орталығына өзге ұлт саудагерлері әкеліп сатады, одан ауылға жеткенше бағасы қымбаттайды. Біздің жейтініміз қашанда қарақат, бүлдірген, тошала, тасжарған сияқты тау жемістері. Оның құнары да, дәмі де бөлек, әрине. Алайда адам баласы өзінде жоқ нәрсеге құмар ғой.

Алғашында қымсынғаныммен ақыры балалық құмарлығым жеңіп, біреуін жей бастадым. Дәмі тіл үйіреді, оның үстіне ыстық күннен кенезем кеуіп-ақ тұр. Күректі асуынан соққан ыстық аңызақ жел аңқамды кептіріп, таңдайым құрғап кеткен. Үйім алыс болған соң күні бойы тамақ та ішпегенмін. «Біреуін жегенде тұрған ештеңе жоқ, оншақтысы бар екен, кім санап жүр дейсің? Көрші қақысы деген де бар, онсызда қолы ашық жеңгем әлгінде ұмытып кеткен. Әйтпесе, бірер алманы өзі де берер еді». Сөйтіп, бала ақылым осылай заң шығарып алды.

Сәл отырған соң өзімді билей алмай, екіншісін бас салдым. Одан кейін үшіншісі кетті. Қарасам жібек қалта ортайып қалғандай, ауыр қылмыс жасағандай күйге түстім. Сөмкені асығыс жауып, рулге іліп алдым да, үйге қарай құйындатып бердім. тепкішекті басқан сайын ішімдегі ұят та сыртқа шығып алып, соңымнан қуалап, менімен бірге жүгіріп келе жатқандай. Қашып келемін, соңымнан дедектетіп ұят қуып келеді...

Үйге жеттім де сөмкені жазғы үйге қоя салып, кешкі асқа отырдым. Қарным тойған соң үй артындағы тауға өрмелеп, өз-өзімнен ой қуып кеттім. Қылтаны аз жақпар жартасқа өрмелеп, өзім жақсы көретін үңгірде жатып төңірекке көз тастадым. Тау биік әрі тік еді, айналаның бәрін төбеден көріп отырасың. Сонадайда Ботамойын асуына дейін тірелетін тақталы атыздар, оң жақта біздің қыстақтың сымдай тартылған, екі жағына көк теректер өскен шаңдақ көшесі. Бидай атызын қақ жара түстікке қарай ұмтылған соқпақ жол Елубайдың құдығына жетіп тұмсық тірейді. Кештетіп су алған бірнеше арба қыстаққа қарай кетіп барады.

Үй жаққа көз салып едім, кешкі ымырт ішінен ауламызға тақау келіп тоқтаған арбадан түсіп жатқан жеңгемді таныдым. Әне, біздің үйге қарай бара жатыр, жазғы тамға кірді де аз аялдап қайта шықты. Сосын, біздің үлкен аумақты алып жатқан қырманды басып, артқы қоршаудан шығып үйіне қарай кетті. Бір сәт демім шықпай қалғандай болды. Ойымды шырылдаған тау қарлығашының үні бұзып жіберді.

Мен отырған үңгірді бағзыдан тау қарлығашы мекен етеді. Бірер жыл бұрын ауылдағы тентек достарыммен бірге мергендік сынасу үшін төбеге салынған ұясын таспен атқылап бұзып тастаған едік. Міне, орнына жаңасын салыпты. Ұясына оралған қос қарлығаш мені танып тұрған

сыңайлы, төбемнен арлы-берлі ұшып тыным таппайды. «Әуелден адам баласымен дос едік, мынау есерсоқ тағы келіпті, онысы тегін емес» дегендей. Өзегімді енді қос өкініш қатарласа өртеді, кеудемнің екі тұсынан екі от жанып жатқандай, қарадай құлазыдым.

Таудың үрейлі түні етектегі кереге тастарды баса, маған қарай өрмелеп келеді. Жалама жартас үңгірлеріне маған таныс қарашұбар жыландар жете алмайды. Ақылды құс соны біледі, абажадай кең, еңселі үңгірдің ең оңтайлы жерін таңдап салған ұясы ирелеңдеген суықбауыр жыландардан аман қалғанымен, екі аяқты адам пендесінің бұзақы балаларынан құтылмады. «Мен неткен тасбауыр едім» деп ойладым. Жұбай құстарға қарап: «Енді ұяларыңа тиіспеймін. Балапандарың бауыр көтеріп, қанаты қатқанша күнде келіп қарап тұрамын. Мұнда ешкімді жолатпаймын. Қорықпаңдар, мені дос деп ойлаңдар!» дедім дауыстап.

Кінәлі кейпімнен, мүләйім дауысымнан менің қауіпті жау емес екенімді сезсе керек. Екеуі қатарласа ұшып, айналсоқтай келіп ұяларына қонды. Сол кезде барып төрт балапаны шиқылдай бас көтеріп, ауыздарын ашты. «Ешқашан тиіспеймін сендерге. Қайта қорғаймын!..». Өз дауысымнан жылап тұрғанымды сездім...

Арада біраз күн өтті. Жаныма батқан «алма ұрлығының» ұяты біртіндеп сейіліп, ұмытып та кетіппін. Шешем бізбен іргелес тағы бір апамен әңгімелесіп отырды. Әңгіме ауанына қарасам, дәрігерлік, босанған келіндер жайында сияқты. Өйткені менің әкем де, шешем де аты белгілі дәрігерлер. Қызыл крест суреті бар төртбұрыш сөмкесін мойынына асып алған әкем күндіз-түн демей ел аралап, науқастарды емдеп жүреді. «Туытанасы» деген аты бар шешем ауылда толғатқан әйелдерді босандырып әлек болып жүретін. Гинеколог деген сөзге тілі келмейтін қазақтар «Туытана» деп атағанды ұнататын. Ол шақта көп істерге мән бермейміз.

– Ана қатын жақында ауданға барып еді ғой, – деді әлгі кемпір. – Үкіметтің жоспарынан асырып, үшіншісін тез көтеріп қойғаны үшін аудандық ауруханаға апарып, уколмен түсіртіп қайтыпты. Байы егіннің екінші суынан босамай өзін жалғыз жіберген екен.

Бұл әңгімеден хабары бар-жоғы белгісіз шешем үндемей тыңдап отырды да, қатты күрсініп жіберді.

– Алты айлық ұл бала екен дейді. Ол қатынның қасарысқанына қытай бастықтар қарасын ба? «Қашып-пісіп жүріп туатын болсаң, он бес мың юан төлейсің» депті. Ондай ақшаны байы екеуі өмір бойы қытайға құл болса да ақтай ала ма? Ақыры көніпті. Емханада екі күн жатып шыққан соң жарық дүниені көре сала жаны қиылған шақалақты қызыл матаға орап қолына ұстатқан екен, қала сыртындағы ескі қабірстанға өз қолымен жерлеп, үйіне қайтыпты. Тым құрса сүйеу болар күйеуі де қасында жоқ еді, әттең. Осы қыста бір дорба түйе жүнін әкеліп, болашақ ұлына арнап маған жылы байпақ, кеудеше тоқытып еді...

Жүрегім «зырқ» ете түскені. Бала жүрегінің алғаш рет әділетсіздікке, өлімге, зорлыққа тірелгені болар. Оған қоса мұрыныма алма иісі келді. Таңдайыма жеткен алма дәмі бұл жолы тым кермек сезілді, біреудің көз жасын жұтып қойғандай түршіктім. Шешем шарасына толған жасты жаулық ұшымен сүртіп, теріс айналды. Осыған дейінгі саналы өмірін қаншама сәбиді аман-есен босандырумен өткен, өзі алты бірдей ұл мен қыз өсіріп отырған ана үшін ауыр тигені белгілі. Сол көрші жеңгемнің ұлы мен қызын шешем босандырып алған. Ары қарай тыңдауға дәрменім жетпей, тысқа шығып кеттім. Алғаш рет болар, сол түні ұйықтай алмадым.

Біздің таулы қыстақты қыс бойы иықтан жауған қалың қар басып жататындықтан ат шанадан өзге көлік атаулы қатынай алмайды. Көктем туа қыстақ көшесін шаңдатып, сұры түсті УАЗ көлігі жиі келіп кететін. Үлкендердің айтуынша, мемлекеттің «Жоспарлы туу» саясатын бұлжытпай орындау үшін қытай дәрігерлері келіп, қыстақтағы жас әйелдерінің жатырына бірдеңелер салып, иығына дәрілер көміп кетеді екен. Бұлшық етті тіліп, тереңге салатын белгісіз бір дәріні ауыл адамдары «Дәрі көму» деп атайтын.

* * *

Санап отырсам, одан бері отыз неше жыл өте шығыпты. Таулы қыстақты тастап, Алтайдан кеткеніме ширек ғасыр болыпты. Содан бері әлгі үш түйір алма менің ішімде көрінбей көктеп жатыпты. Осынау оқиға әр кез есіме түскенде жанымды бір шымшып өтетінін ешкімнен жасырмаймын. Әсіресе, дүкен сөрелері мен жеміс базарларында жайнап тұрған алмаларды көргенде өзімді ыңғайсыз күйден құтқару үшін үнемі тез өтіп кетуге тырысатынмын. Адам дегеннің өзі кейде бір-ақ сәттің қарызын өмір бойы арқалап өтетін сияқты ғой.

Өткен жылы көктемде қайран әкем бақилық болды. Күллі ғұмыры адам емдеумен өткен, аса қайсар жан еді. Біз есейіп кетсек те жылап-еңіреп жүріп, ақтық сапарына шығарып салдық. Жаназаға кезінде оның шапағатын көргендер молынан жиналды. Бірі әкемнің емінің арқасында аман қалған жалғыз ұлын мысал етсе, тағы біреулері әйелінің қалай емделіп, сауыққанын, тағы біреулері өздерінің ажал тырнағынан марқұм әкемнің мұқият емінің себебімен тірі қалғанын айтысады. Бір ақсақал қабір басындағы жас топырақты күрекпен салып жатып: «Жарықтық-ай, жаның мәңгі Жұмақта болсын! Сен болмасаң, менің қабіріме осы күні құрай қаптап, сүйегім әлдеқашан құрап жатар еді ғой» деп еңкілдегені есімде.

Әкемнің жетісі өткен соң өзім тұратын қалада әке аруағына арнап ас бердім. Көз көрген көне ауылдастарым мен дос-жаран, туыстарымнан біршама ел жиналды. Кенет ағама еріп, жоғарғы қабатқа көтеріліп келе жатқан әлгі жеңгемді көрдім. Көзіме оттай басылғаны-ай! Мен оны, ол мені бассалып құшақтас амандастық, көз жасымызды да тыя алмадық. Сол сәтте әкем үшін жыладым, жеңгем үшін жыладым, дүние жарығы бұйырмаған, аты қойылмаған балпанақтай ұл үшін жыладым, ұрлап жеген үш алма үшін жыладым, өзім үшін де жыладым.

Бір-бірімізге мүлде тіл қатпасақ та, іштей сөйлесіп тұрмыз. Көз алдымнан бір сәтте бәрі тізіліп өтті: мектеп пен қыстақ арасындағы соқпақ жол, Байгетөбеден айнала қалғанда қарсы алдыңнан шығар қабірстан, жүзі нарттай жанып жүретін жас жеңгем, қара велосипед... бәрі елестеп өте шықты. Дөң үстінде, Күректі асуы жақтан соққан аңызақ желден ерні кеберсіп, шақырайған күн астында жолаушы сөмкесінен алма алып, ашқарақтана жеп тұрған он үш жасар бала...

Мен сол үш алманы енді ешқашан қайтара алмаймын.

Өзім алма өспейтін тауда туып-өстім. Тағдырдың мені аяғаны болар, қазір де алма өспейтін қалада тұрамын. Алайда менің жүрегімде әлдеқашан қаулап өсіп кеткен алма бағы бар. Әр түп алма менің естеліктеріме толы. Бір түбінде аңғал балалығым, бір түбінде тау қарлығашының ұясы, бір түбінде әкем, ал тағы бір түбінде ғұмыр жарығын көрмеген алты айлық баламен қоса жүз мыңдаған қазақ сәбилері жерленген...

Менің жаным мен жүрегімде балалық шағымда жарылмай қалған сыздауық көп. Есейе келе кейбірі тіпті күйікке айналған. Сол кезде батырсынып жеңгемді қабірстанның қасынан өткізіп салған едім, нағыз қорқатын нәрсе – ата-бабаң жерленген зират емес, тірі жүрген адамның өзі екен. Қолдан жасалған саясат пен оның жолында өлген, азап шеккен, қорланған қаншама пенденің азалы рухы мен жанын сіз ешқандай қабірстанның қасынан қорғап алып өте алмайсыз. Отарланған бір ұлттың қайғысы мен жаралы рухына зорлығы үстем, шеңгелі күшті екінші ұлттың батырған тіс-тырнағының ізі оңай өшпейді. Жер басып жүрген адамын былай қойғанда, құрсақтағы сәбиіне ауыз салған олар адам етіне ешқашан тоймайды. Менің туған жерімдегі қаншама қыстақтан қаншама сәби дүние дидарын көрмеген қалпы құрсақта көз жұмды екен?

Кейде үрейлі түстер көремін. Түсімде әлі сол бала қалпымда ақ жейдемнің арқасын жел кеулеп, велосипедпен ұшыртып келе жатамын. Әлдебір уақытта дөң үстіне тоқтап, рулге ілген қара сөмкені ашамын. Ішінде алма емес, балпанақтай ұл бала жатады. Маған қарап күлетін сияқты, бірақ, үндемейді. Үндемесе де мен оны естіп тұрамын. Сұраулы жанарымен «Сол күн есіңде ме?» дейді. «Ұмытпаған екенсің. Екеуімізде де еш кінә жоқ қой» дейді, сосын. «Аяғым тоңып кетті, жүн шұлығымды кигізіп берші» дейді тағы. Осы тұста оянып кетемін, терезені айқара ашып көшеге, қаулай өскен ағаштарға көз саламын.

Ол ағаштарға алма өспейтіні қандай жақсы...

Ұлттық домбыра күніне орай

Домбыраның құрылысы туралы бірер сөз

Алғаш рет 2018 жылы шілде айының бірінші жексенбісі ұлттық домбыра күні болып бекітілген еді.

Содан бері әр жыл сайын елімізде домбыра күні кеңінен тойланып, төл өнерді дәріптейтін бас аспап ерекше ұлықталып жатқаны қуантады.

Домбыра, мұнша шешен болдың неге,
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе, –

деп қазақтың дүлдүл ақыны Қасым Аманжолов жырлағанындай, сан ғасырдың қуаныштың-мұңлы сырын сақтай алған, қазақ даласында кеңінен танымал бұл аспап әр аймақта әр түрлі болып келеді. Домбыра бар қазаққа ортақ дерсіз. Алайда домбыраның пішіні мен өлшеміне қарай екі негізгі аймақтық түрге, ал құрылысына қарай бірнеше модификацияға бөлінетінін білесіз бе? Былай қарағанда қай түрі болмасын, қазақтың қара домбырасы болғанымен, ішкі және сыртқы құрылымы, күмбірлеген күрең үні әртүрлі. Ол айырма аспаптың шанағынан басталады. Тұтас ағаштан ойылып немесе жеке-жеке құрастырылып барып жасалатын түрлері де бар. Мысалы, солтүстік, орталық, оңтүстік өңірлерде домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра олардан өзгеше шанағы жұмыр, мойны қалыңдау, он екі-он төрт пернелі болып келеді. Әдетте халық арасында тамшы, қалақ және үшбұрыш пішіндестерін кездестіруге болады. Домбыра күні қарсаңында, оқырманмен Арқа және Шығыс өңірлеріне тән, шертпе күй мектебінің туындыларын орындауға бейімделген аспаптың *қалақ пішіндес түрі* жайлы ақпаратпен бөліссек деп отырмыз.

Домбыраның бұл түрін Қазақстанның Орталық өңірлері мен Абай елі көбірек қолданғандықтан, негізінен арқа домбырасы деп аталады. Кей жерлерде «Абай домбыра» деп те айтылып жүр. Шанағы сопақша немесе қырлы болып келуі – домбыраның басты ерекшелігі.

Әдетте арқа домбырасының мойын тұсы ұзын, жіңішкелеу, ал перне саны көбірек әрі арасы жиірек орналасады. Мұндай өзгешелік аспаптың үніне де әсерін тигізеді. Қоңыр, майда, әуезді және нәзік дыбысталуы үшін арқа домбырасының ішектері әдеттегіден жіңішкерек келеді. Шертпе күй мектебі деп аталуының сыры – ішекті саусақтың ұшымен ғана іліп тартып, шертіп ойнайтындығында жатыр. Осы тұста бұл мектептің атасы атанған дәулескер домбырашы – Тәттімбет Қазанғапұлын айтпай кетуге болмас. Арқа мектебінің негізін қалаушы Тәттімбет жырауды күллі қазақ білетіні рас. Оның «Саржайлау», «Қосбасар», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көкейкесті», «Бес төре» және тағы басқа халыққа кең танылған керемет күйлері бар. Күй өнерінің классигі атанған Қазанғапұлының туындылары – табиғатты бейнелейтін лирикалық шығармалар қатарында.

Шертпе күй мектебінің келесі бір танымал өкілі – Сүгір Әліұлы. Тәттімбеттен кейін аталмыш күй мектебін жаңа бір деңгейге көтеріп, өзінше өрнек қосқан Сүгір күйшінің ел ішінде таралған «Аққу», «Телқоңыр», «Майдақоңыр», «Шалқыма», «Ақжелең», «Бесжорға» атты кез-келген жан тарта алмайтын күрделі күйлері таралған. Сүгірдің арқа күй мектебіне енгізген ең үлкен жаңалығы – бұрын тек қобызда ғана ойналатын күйлердің зарлы, ащы, терең дыбысталуын домбыра пернесіне шерте отырып әдемі түсіргенінде. Ол – қобыздың ауыр зарлы әуенін ғасырлар сарыны болған домбыра үндестіріп, қос ішектен күмбірлете күй етіп төге білген алғашқылардың бірі еді.

Халық арасында домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғарытөмен) деп аталатын түрлері бар. Ал Арқа домбырасы – дәл осылай шерте тартуға ыңғайлы жасалынған. Аспап үні құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді. Содан болар сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған дейді әл ішінде.

Жалпы ұлттық аспабымыздың екі ішекті түрінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, шіңкілдек немесе «Балақай домбыра» деген түрлері де кездеседі.

Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзінің мәнісі зор. Себебі домбыра – қазақтың қасиетті мұрасы, баға жетпес байлығы, құнды қазынасы. Дәл осы аспапта ұлтымыздың бар болмысы мен жан-дүниесін терең көрсете алатын ерекше бір үні мен қадір-қасиеті бар. Қазақ пен домбыра егіз ұғым деген осыдан кейін айтылса керек-ті. Ұлттық домбыра күні құтты болсын!

Айдана Мансурова

https://adebiportal.kz/kz/news/view/dombyranyn-qurylysy-turaly-birer-soz__10001794

САУСАҚ ҰШЫНДАҒЫ АСПАЗДЫҚ
КУХНЯ НА ОЩУПЬ

Мастер-классы Жылы ұя

25 июля т.г. в центре реабилитации «Жылы ұя» Казахского общества слепых состоялось первое практическое занятие по курсу кулинарии для лиц с нарушением зрения. Целью

мероприятия являлось развитие бытовой самостоятельности участников, формирование практических навыков приготовления пищи, повышение уверенности в собственных силах и создание условий для успешной социальной адаптации.

Открывая занятие, участники были ознакомлены с правилами техники безопасности при работе на кухне, организацией рабочего пространства, санитарно-гигиеническими требованиями и последовательностью приготовления блюд. Особое внимание было уделено безопасному использованию кухонного инвентаря и рациональной организации рабочего процесса.

Практическое занятие провела Мулкибекова Жазира, активная представительница Казахского общества слепых, лицо с инвалидностью по зрению, любящая мама и хозяйка, которая ежедневно самостоятельно готовит для своей семьи. Благодаря собственному жизненному опыту она не только продемонстрировала участникам технологию приготовления блюд, но и поделилась полезными бытовыми приёмами, советами и практическими лайфхаками, позволяющими безопасно и уверенно работать на кухне людям с нарушением зрения. Её личный пример стал для участников источником вдохновения и ещё раз подтвердил, что потеря зрения не является препятствием для ведения полноценной и самостоятельной жизни.

В ходе мастер-класса участники совместно приготовили два блюда – окрошку и яблочный пирог «Шарлотка». Каждый смог принять непосредственное участие в подготовке продуктов, их обработке, нарезке ингредиентов, соблюдении технологии приготовления и сервировке готовых блюд.

Несмотря на то, что для большинства участников это было первое практическое занятие в рамках курса, все проявили высокую заинтересованность, ответственность и стремление к обучению. Участники активно включались в работу, помогали друг другу, уверенно выполняли поставленные задачи и успешно справились со всеми этапами приготовления. В процессе занятия были закреплены навыки безопасной работы на кухне, освоены способы обработки продуктов, соблюдения последовательности приготовления блюд и поддержания порядка на рабочем месте.

Занятие прошло в тёплой, доброжелательной и дружеской атмосфере. Совместная работа способствовала развитию взаимопомощи, общения и уверенности участников в своих возможностях. Все приготовленные блюда получились вкусными и были высоко оценены участниками.

По завершении мастер-класса состоялась совместная дегустация приготовленных блюд. В ходе общения участники поделились своими впечатлениями и отметили, что получили не только новые знания и практические навыки, но и вдохновение, положительные эмоции и уверенность в том, что смогут применять полученный опыт в повседневной жизни.

Первое практическое занятие показало высокий интерес участников к курсу кулинарии и подтвердило востребованность подобных мероприятий. Такие занятия способствуют развитию бытовой самостоятельности, совершенствованию практических навыков, расширению социальных контактов, укреплению уверенности в собственных силах и повышению качества жизни людей с нарушением зрения.

Участники выразили искреннюю благодарность центру реабилитации «Жылы ұя», Мулкибековой Жазире за интересный и познавательный мастер-класс, доступную подачу материала, поддержку и внимание к каждому участнику. Все присутствующие выразили желание продолжить обучение и с нетерпением ожидают следующих практических занятий.

Гульмира Анаятова, реабилитолог «Жылы ұя»

САЯХАТ
ПУТЕШЕСТВИЕ

Баянаул – первый национальный парк Казахстана: чем он удивляет туристов

Баянаульский государственный национальный природный парк уже почти 40 лет остается одной из самых известных природных достопримечательностей Казахстана. Именно здесь находятся живописные горы, кристально чистые озера, редкие растения и животные, а также памятники истории и культуры. Баянаул считается одним из самых популярных направлений экологического туризма в стране.

Первый национальный парк Казахстана. Баянаульский государственный национальный природный парк был создан в 1985 году и стал первым национальным парком Казахстана. Его площадь составляет 68 452,8 гектара. Парк расположен на территории Казахского мелкосопочника. Высота Баянаульских гор варьируется от 400 до 1027 метров над уровнем моря, а самой высокой точкой является гора Акбет.

Главная задача национального парка – сохранение уникальных природных комплексов, биоразнообразия и историко-культурного наследия региона.

Озера, легенды и необычные скалы. Одной из визитных карточек парка стали четыре знаменитых озера: Сабындыколь; Жасыбай; Торайгыр; Биржанколь. Каждое из них связано с местными легендами и историей. Озеро Жасыбай названо в честь легендарного батыра, погибшего в этих местах. Сабындыколь известно необычайно мягкой водой, а Торайгыр носит имя казахского поэта Султанмахмута Торайгырова.

Не менее известна и гора Акбет, название которой связано с красивой легендой о девушке, предпочевшей смерть нежеланному браку.

Что посмотреть в Баянауле

Парк привлекает туристов не только природой, но и многочисленными достопримечательностями. Среди самых популярных мест: скалы Кемпиртас и Когершин; пещера Коныр-Аулие; ботаническая тропа; урочище Кен Алан; скала «Надпись туристов»; мавзолей батыра Жасыбая; могила Султанмахмута Торайгырова; мавзолей М. Ж. Копеева. Любители активного отдыха приезжают сюда ради восхождений на горы Найзатас, Ержуректер и Акбет.

Здесь обитают краснокнижные животные и птицы. Баянаульский парк отличается богатым биоразнообразием. На его территории произрастают 552 вида растений, пять из которых занесены в Красную книгу Казахстана. Здесь встречаются: адонис весенний; ковыль перистый; тюльпаны; прострел чернеющий; остролодочник голый.

Фауна также впечатляет. В парке обитают: 45 видов млекопитающих; 205 видов птиц; 13 видов рыб; десятки видов редких насекомых и моллюсков. Среди краснокнижных животных – архар, беркут, черный аист, балобан, филин, журавль-красавка, дрофа и кудрявый пеликан.

Почему сюда приезжают туристы. Экологический туризм остается одним из главных направлений развития Баянаульского национального парка. Здесь можно совместить отдых на природе с прогулками по горам, посещением исторических памятников, знакомством с редкими видами растений и животных, а также насладиться живописными озерами и необычными гранитными ландшафтами.

Баянаульский национальный парк остается одним из символов природного богатства Казахстана. Уникальное сочетание гор, озер, лесов, редких видов флоры и фауны, а также богатого культурного наследия делает его одним из самых привлекательных направлений для внутреннего и экологического туризма.

Ринат Сафин

https://dknews.kz/ru/dk-life/396750-bayanaul-pervyy-nacionalnyy-park-kazahstana

2019 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат Комитетінде тіркелді, № 17491-Ж

Поставлен на учет в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан 30 января 2019 года, № 17491-Ж

Ақпарат-қоғамдық, көркем / Информационно-общественный, художественный
Айына бір рет шығады / выходит один раз в месяц
Тираж 150

ISSN: 2707-3629

Жазылу индексі/подписной индекс: 76142

Бас редактор / главный редактор Гулбаршин Балгожина
Брайль редакторы / редакторы по Брайлю Марлен Джакупов
Брайль корректоры / корректор по Брайлю Динара Айтбаева

Әдеби кеңес/ Литературный совет:
Әбетхан Тоқтаған
Владимир Ивановский
Мариям Иминова
Ермахан Әбдіраман

Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Мұратбаев көш., 136
(Бөгенбай батыр көшесі қиылысы)
Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Муратбаева 136
(уг. ул. Богенбай батыра)
bgrbarshin@mail.ru